

Келісім шарт №138

Махамбет ауылы

19 желтоқсан 2024ж.

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, ереже негізінде әрекет ететін, Бөлім басшысы Шакимов Асылхан Калкенович тұлғасындағы "Махамбет аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі, «Өнім беруші» деп аталынатын Директор Рахметкалиев Нурболат тұлғасындағы ТОО West Building Group», екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 39-бабының 3-тармағының 4)-тармақшасының «Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асыру негіздері» тәсілі негізінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегі туралы келісімге келді.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша қызметті (қызметті) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмысты (Жұмыстарды) қабылдауға және Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті: **ММ коды 4581261** ерекшелігі бойынша **458-016-028-414 «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу»**. Тракторға арналған жабдықтар сатып алу.

1.2. Қызметтер техникалық ерекшелік негізінде орындалады.

1.3. Төменде тізбеленген құжаттар және оларда айтылған шарттар осы Шартты құрады және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) Махамбет ауылындағы су тасқынынан бүлінген бөгеттерді қалпына келтіру және нығайту жұмыстардың тізімі (1-қосымша);

3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2. Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1. Шарттың жалпы сомасы Шартқа №1 қосымшамен анықталады және **26 639 060-04 (Жиырма алты миллион алты жүз отыз тоғыз мың алпыс) теңге 04 тиын** құрайды және Қызметті орындауымен байланысты барлық шығыстарды сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде **ҚҚС 2 854 185-00 (Екі миллион сегіз жүз елу төрт мың жүз сексен алты) теңге 00 тиындық** амтиды.

2.2. Қазынашылықтың аумақтық органында **458 – «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» әкімінің аппараты, 016 – «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету», 028 – «Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен», 414 – «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша Тракторға арналған аударғыш сатып алу **26 639 060-04 (Жиырма алты миллион алты жүз отыз тоғыз мың алпыс) теңге 04 тиын**, оның ішінде **2 854 185-00 (Екі миллион сегіз жүз елу төрт мың жүз сексен алты) теңге 00 тиын**.**

2.3. Орындалған қызметтер үшін ақы төлеуді Тапсырыс беруші Тараптар орындалған қызметтер актісіне қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Орындаушының іс жүзінде есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен төлейді.

2.4. Орындалатын қызметтердің көлемі Шартқа 2-қосымшада айтылған.

2.5. Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

- 1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;
- 2) Орындалған қызметтердің актісі;
- 3) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес көрсетілген қызметтердегі жергілікті қамту туралы есеп;
- 4) Орындаушы Тапсырыс берушіге ұсынған орындалған жұмыстардың сипаттамасымен, жалпы сомасы көрсетіле отырып, электрондық шот-фактура.

3. Тараптардың міндеттемелері.

3.1. Орындаушы:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде көрсетілген Қызметтердің, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға сәйкескелуін қамтамасыз етуге;

3) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шартты талаптарын орындау үшін Орындаушы тартқан персоналды қосқанда, оның атынан басқатұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

4)

Тапсырыс берушінің алдына жазбаша рұқсатынсыз жоғарыда тізбеленген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

5)

Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

6) Орындаушының Шарт талаптарын тиісінше орындамауымен және/немесе өзгезаңсыз іс-әрекеттермен келтірген шығындарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

7) Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің актісін бекіткеннен кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қағаз нысанда шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы қағаз нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді

3.2. Орындаушы:

1) Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер үшін тапсырыс берушіден ақы төлеуді талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен орындау мерзімін алдын ала келісе отырып, шартқа №1 қосымшада көрсетілген Қызметтерді мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы;

3.3. Тапсырыс беруші:

1) қызметтерді қабылдап алу кезінде қабылдап алу-беру актісін бекітуге не белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Қызметтерді қабылдаудан бас тартуға. Бұл ретте қызметті қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

2) Орындалған қызметтердің сәйкес келмеуін анықтаған кезде дереу жазбаша Орындаушыны хабардар етуге;

3) Қызметтерді қабылдау белгіленген мерзімде оның қабылданбауына дәлелді негіздемелерді көрсете отырып Қызметтерді қабылдаудан бас тартуға;

4) Орындалған қызметтердің актісі бекітілгеннен кейін қағаз нысанда шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны қағаз нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес қағаз нысанда шот-фактуралардың ақпараттық жүйелері арқылы қағаз нысанда Орындаушы жазған шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде ақы төлеуді жүргізуге міндеттенеді.

3.4. Тапсырыс беруші:

1) Орындалған Қызметтің сапасын тексеруге;

2) Қызметтерді мерзімінен бұрын орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес қызметтерді мерзімінен бұрын қабылдауға және оған ақы төлеуге құқылы. Қызметтерді қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайда оны мерзімінен бұрын орындаудан бастартуға жол беріледі.

4. Тауардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері Тауардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау ментексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім берушікөтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы максаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2. Осы Шарт шеңберінде орындалған Қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3. Егер тексеру кезінде орындалған Қызметтердің нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 10 жұмыс күні ішінде колданады.

4.4. Тауардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті максат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік акпараттарға рұқсатты қосалғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5. Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқаміндеттемелерден босатпайды.

5. Тауарды тапсыру және қабылдап алу тәртібі

5.1. Тауар тапсырылды деп саналады Өнім беруші тауарды осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда орындалды деп саналады.

5.2. Өнім берушінің тауарын қабылдап алу/тапсыру кезінде Тапсырыс берушіге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) егер Тауарлар Қазақстанда шығарылған материалдардан және жабдықтардан орындалған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі

сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі

туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады;

2) егер тауарлар шетелде шығарылған материалдардан және жабдықтардан орындалған болса – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі.

Осы тармақтың талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

6. Кепілдік. Сапа

6.1. Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт бойынша тауарды орындау нәтижелерінің техникалық ерекшеліктерге сәйкес болатынына, Тауарлардың оның сапасын техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде жеткіліксіз негізделген және рұқсатсыз өзгерістерді қамтитын Тауарлар ақаулы деп танылады. Өнім беруші (қосалқы орындаушы) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру ережелерін бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның ұйғарынды тозуы немесе бүлінуі себебінен залалды өтеу немесе түзету Өнім беруші беретін кепілдіктерге кірмейді. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Өнім беруші материалдар мен жабдықтардың сапасының техникалық ерекшеліктерге сәйкес келетінін куәландыратын құжаттарды береді.

6.2. Өнім беруші тауарлар және тауарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Өнім беруші өзінің қызметтерін жүргізу кезінде жоба бойынша басқа қызметтерді, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Өнім беруші жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2. Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3. Қызметтерді жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл)

ұстайды (өндіріп алады)не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткенәрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздықайыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4.Өнім берушіҚызметтерді орындаудан бас тартқан немесе Шарт бойынша Қызмет орындау мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт колданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей,күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Қызмет орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда,Тапсырыс беруші Өнім берушімерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, біржақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделгенміндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша тауар жеткізу үшін қажеттікүнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе тауар жеткізукестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім берушіТапсырыс берушіденөзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7.Өнім берушітолығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерінбермеуі тиіс.

7.8. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша Өнім берушіөз міндеттемелерін орындамауынабайланысты Шартты бұзған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз ету соманы қайтармайды.

7.9. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз етусомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындағанкүннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың колданылу кезеңіндеШарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушігеайтарады.

8. Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1.Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтыққазынашылық органында міндетті тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 31.12.2024жылға дейін қолданылады.

8.2. Егер Өнім берушібанкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келгенуақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарынорындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тезарада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бастарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесеқойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтардықозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3. Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырысберуші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып,Өнім берушігеміндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім берушіШартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осыШарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім берушіөз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінарабұза алады.

8.4. Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуытуралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделгеншектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді соманы енгізбеу жолымен Шартжасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5. Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім берушіге Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9. Хабарлама

9.1. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не электрондық пошта арқылы жіберіледі.

9.2. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10. Форс-мажор

10.1. Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3. Шарт максаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4. Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11. Даулы мәселелерді шешу

11.1. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісіндешешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2. Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12. Өзге де шарттар

12.1. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3. Өнім беруші таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа дашарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

12.4. Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5. Шарт қазақ тілінде екі дана жасақталды.

12.6. Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13. Реквизиттер

<p>Тапсырыс беруші:</p> <p>"Махамбет аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбетский район, с.Махамбет, Абай, 16БСН 020340003068 БСК ККМФКЗ2А ЖСК KZKZ02070103KSN1508000 «ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті »РММ Тел.: 87751565017</p> <p>Бөлім басшысы  А.Шакимов</p> 	<p>Орындаушы:</p> <p>«West Building Group» ЖШС Атырау облысы, г. Атырау, Проспект Абилхайырхан-51А Блок Б. кв 169. БСН/ЖСН 040540002209 Кбе 17 БСК КСЖВКЗКХ</p> <p>ЖСК KZ698562203118304201 Тел.: 8 7751565017</p> <p>Директор  Н.Рахметкалиев</p> 
---	---

Сатып алынатын тауарлар тізімі

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, теңге	Тауарлады жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындары	Аванс төлемінің мөлшері %	Жалпы сома, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
	Махамбет аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар келігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Аударғыш (Отвал)	Аударғыш (Отвал)	Аударғыш (Отвал)	Тауар	9	1222033,56	31.12.2024	31.12.2024	Атырауская область, Махамбетский район, с.Махамбет, Абай, 16	0	10998302,04
	Махамбет аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар келігі және автомобиль жолдары бөлімі"	Шөп шабатын машина аспалы	Шөп шабатын машина аспалы	Шөп шабатын машина аспалы	Тауар	9	1 737 862,0000	31.12.2024	31.12.2024	Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет а. А Құнанбаев к-сі,13	0	15640758,00